

«Жаркент жоғары педагогикалық колледжі» ШЖҚ МКК

«Таза сессия» акциясы аясындағы сауалнама қорытындысы

2025 жылғы 28-30 мамыр аралығында колледжде салауатты өмір салтын және академиялық адалдықты насихаттау мақсатында «Таза сессия» атты акция ұйымдастырылды. Акция аясында барлық курс студенттері қамтылды. Сауалнама қатысушылардың дербес мәліметтері көрсетілмей, құпиялылық толық сақтала отырып, анонимді түрде жүргізілді.

Сауалнама қорытындыларының түйіндері:

Колледжде қанағаттанушылық деңгейі

Студенттердің басым бөлігі оқу орнын жоғары бағалайды:

- Қазақ топтарының 94,1%-ы,
- Орыс топтарының 95%-ы колледжде білім алуға қанағаттанатынын білдірді.

Емтихан алдындағы күйзеліс

Емтихан туралы ой мазасыздық тудырады:

- Қазақ топтарында – 45,4%,
- Орыс топтарында – 56,7%.

Жемқорлықты қабылдау деңгейі

- Орыс топтарының 96,7%-ы жемқорлықты қалыпты жағдай ретінде қабылдамайды.
- Қазақ топтарының 94,5%-ы жемқорлықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдамайды.

Пара беруге дайындық

- Қазақ топтарының 96,5%-ы,
- Орыс топтарының 97,4%-ы пара беруге мүлде дайын емес екенін көрсетті.

Жеке паракорлық жағдайымен кездесуі

Екі топта да 99,6% студент мұндай жағдайға тап болмағанын айтты.

Сыйлық үшін мәжбүрлеу

Студенттердің 89,6%-ы ешқашан ақша жинамағанын айтты. Қалғандары болған жағдайларды мәжбүрлеу ретінде қабылдамаған.

Паракор мұғалімдер туралы

Көпшілік нақты оқытушыларды атамады, «Жоқ», «Ондай жоқ», «Білмеймін» деген жауаптар басым болды.

Пара беру себептері

- Орыс топтарының 100%-ы,
- Қазақ топтарының 100%-ы «ешқашан пара бермеймін» деп жауап берді.

Қорытынды:

Сауалнама нәтижелері колледжде студенттердің оқу үдерісіне қанағаттану деңгейі жоғары екенін және академиялық адалдық қағидаттарының берік орныққанын көрсетті. Студенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдарын ашық білдіріп, білім алуда әділдік пен шынайылықты бағалайтындарын байқатты. Көпшілік емтихан кезеңіндегі психоэмоционалдық қиындықтарға қарамастан, пара беруге дайын емес екенін білдіруі – оқу орнында салауатты моральдық орта қалыптасқанын дәлелдейді. Сонымен қатар, паракорлық фактілерінің нақты кездеспегені студенттер мен оқытушылар арасындағы сенімді қарым-қатынастың бар екенін аңғартады. Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері колледждің тәрбиелік және білім беру бағытындағы жұмыстарының тиімділігін, ал студенттердің өз болашағына деген жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті. Алдағы уақытта да колледж ұжымы академиялық адалдықты нығайту, студенттердің психологиялық қолдауын күшейту және жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында өз жұмысын жүйелі түрде жалғастырады.